



**"Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 желтоқсандағы N 1224 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы**      **Қазақстан**  
**Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы**

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қантардағы Заңының 5-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына **сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын іске асыру жөнінде шарапалар қабылдасын.
3. "Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 ақпандағы N 334 Жарлығының ( Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2000 ж., N 7, 76-құжат) күші жойылды деп таңылсын .
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

*Қазақстан Республикасы*  
*Президентінің*  
*2006 жылғы "—"*  
*N ————— Жарлығымен*  
**БЕКІТІЛГЕН**

**Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы**

## **Мазмұны**

### **К і р і с п е**

1. Қазақстан Республикасы қауіпсіздігінің әскери-саяси негіздері

1.1. Әскери-саяси жағдайды дамыту болжамы

1.2. Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Қазақстанның саясаты

1.3. Мемлекеттің әскери ұйымы

2. Қазақстан Республикасы қауіпсіздігінің әскери-стратегиялық негіздері

2.1. Қарулы жанжалдардың сипаты

2.2. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қолдану  
н е г і з д е р і

2.3. Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басшылық жасау

3. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің  
әскери-экономикалық және әскери-техникалық негіздері

3.1. Әскери-экономикалық және әскери-техникалық қамтамасыз етудің мақсаттары,  
қағидаттары, міндеттері мен бағыттары

3.2. Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы және резервтер жүйесі

4. Қазақстан Республикасының халықаралық әскери ынтымақтастығы

4.1. Халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық

4.2. Қазақстан Республикасының коалициялық әскери құрылышқа қатысуы

4.3. Бітімгершілік қызметі

Қорытынды

## **Kіrіспе**

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы Қазақстанның мемлекеттігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын нығайту мақсатында мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, соғыстар мен қарулы жанжалдардың (бұдан әрі - қарулы жанжалдар) алдын алуға, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамыту мен қолдануға негіз қалаушы көзқарас жүйесін білдіреді.

Әскери доктрина күштер мен құралдарды жылдам өрістетуді жүзеге асыруға, барынша жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келуге қабілетті кәсіби армия  
к ұ р у д ы

көздөйді.

Жүргізіліп жатқан қазақстандық қоғамды әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңғырту, көптеген елдердің сондай-ақ экономикалық және әскери әлеуетіне қарамастан олар үшін шиеленіскең әлеуметтік-саяси жанжалдармен және саяси қайшылықтармен, тұрақсыздықпен және әлеуетті қатерлердің болуымен сипатталатын қазіргі заманғы халықаралық ахуалдағы өзгерістер жаңа Әскери доктринаны қабылдау үшін негіздеме болды. Сонымен бірге әлемдік қоғамдастық жаңа қауіп-қатерлерге

қарсы іс-қимыл жасауда ұжымдық және бітімгершілік күш-жігерін қолдануда.

Әскери доктринаның ережелері әлемдегі әскери-саяси жағдайды кешенді бағалауға және оны дамытуды стратегиялық болжауға негізделеді. Қазақстан әскери күштің мәні барынша төмендетілген және оның функциялары әскери жанжалдарды тежеу міндетіне жақындастырылған осындай халықаралық қатынастар жүйесін құруды дәйекті түрде қолдайды. Алайда, болжамды бағалауға қарамастан, XXI ғасырдың басында халықаралық қатынастардағы әскери күштің мәні төмендеген жоқ. Ғаламдық және діни қауіпсіздік саласындағы бірқатар халықаралық саяси институттар дағдарысқа түскен кезде әлем мемлекеттерінің саяси және экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету үшін оның

рөлі артырылада.

Әскери доктрина Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының, Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың ережелерін

ескере отырып әзірленді.

Әскери доктринада Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін іске асыруға теріс әсер ететін факторлар қарастырылады, ел қауіпсіздігіне ықтимал қыр көрсетулер мен қатерлер жіктеледі, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі әскери-саяси міндептер қалыптасады, Қазақстан Республикасын қарулы қорғауды қамтамасыз ету, Қазақстанға және онымен достас мемлекеттерге қатер төндіретін әскери жанжалдардың алдын алу жөніндегі Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар қызметінің мақсаттарын, міндептерін, қағидаттары мен бағыттары ашылады.

Доктринаның қорғаныстың сипаты бар, бұл оның ережелерінде бейбітшілікке дәйекті бейілділік танытудың қолдаудың республиканың ұлттық мүдделерін қорғаудың, әскери қауіпсіздігіне кепілдік берудің қатаң шешімімен мәнді үйлесуін алдын ала айқынрайтынды. Доктринада ассиметриялық қатерлерге: халықаралық терроризмге, діни экстремизмге, есірткі, қару трафигіне, жаппай қырып-жою қаруын таратуға, сондай-ақ заңсыз көші-қонға қарсы құресті ескере отырып, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамыту шарттары мен жаңа бағыттары нақтыланады.

Әскери доктринаның ережелерін іске асыру әскери басқару жүйесін одан әрі жетілдіру, өзара байланысты саяси, дипломатиялық, экономикалық, әлеуметтік, акпараттық, құқықтық, әскери және Қазақстанның әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да шаралар есебінен қамтамасыз етілетін болады.

## 1. Қазақстан Республикасы қауіпсіздігінің әскери-саяси негіздері 1.1.

### Әскери-саяси жағдайды дамыту болжамы

Еуропа мен Азияның сауда және көлік-коммуникациялық ағысының қызылсында тұрған Қазақстанның геосаяси жағдайы, елдің бай табиғи ресурстары халықаралық және өнірлік ынтымақтастықты дамыту саласында елеулі басымдықтар береді.

Сонымен қатар табиғи ресурстарды бөлудің әркелкілігі, дамыған және дамушы елдер арасындағы ұлғайып келе жатқан алшақтық, экономикалық экспансия, мемлекеттердің әлеуметтік-саяси құрылышына көзқарастағы айырмашылықтар және жаһанданудың басқа да теріс аспектілері оларды шешу кезінде әскери және әлуettі құралдардың пайдаланылуы ықтимал мемлекетаралық қайшылықтарды шиеленістіруге

ықпал е туі мүмкін.

Қазақстанның айналасындағы жағдай түбебейлі өзгерді. Өnірдегі жағдайды тұрақсыздандыратын және ұлттық қauіpsіздікке қатер туғызатын жаңа факторлар түснідады.

Жаппай қырып-жою қаруын таратудың өсіп келе жатқан қаупі, трансұлттық терроризм мен діни экстремизм, қару-жарақ пен есірткінің заңсыз айналымы, этникалық және демографиялық шиеленістің өсуі, жекелеген өnірлерде және тұластай әлемде экологиялық жағдайдың нашарлауы орта мерзімді перспективада Қазақстанның қauіpsіздігіне, халықаралық және өnірлік тұрақтылыққа елеулі қатер төндіреді.

Ядролық қаруы бар мемлекеттер және шекті елдер санының ұлғауы қалыптасқан халықаралық қauіpsіздік жүйесін бұза отырып, әлемде құштерді орналастыруды түбебейлі өзгертереді. Ол ықтимал қатерлерге қарсы тұру үшін жаңа көзқарастарды, оның ішінде негізгі ғаламдық құштер орталықтарымен бірлескен іс-әрекеттерді пысықтауды

таларап етеді.

Осы жағдайда маңызды экономикалық және әскери объектілер, азаматтық халық, ұлттық рәміздер әсер ету бағыттары болуы мүмкін, ол тек жекелеген мемлекеттердегі ғана емес, сондай-ақ тұластай өnірдегі жағдайды тұрақсыздандыруға әкеп соқтырады.

Осылайша, қазіргі заманғы геосаяси жағдай саяси тұрақсыздықпен, экономикалық, демографиялық және әлеуметтік сипаттағы қайшылықтармен сипатталады және өзімен бірге жағдайды тұрақсыздандыру қатерін әкеледі.

Осы жағдайларда бейбітшілікті, халықаралық және өnірлік қauіpsіздікті, тұрақтылықты нығайту, ұжымдық негізде мемлекет тәуелсіздігін, аумақтық тұластығы мен егемендігін қорғау Қазақстанның әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы негізгі мақсаттар болып табылады.

Әскери-қорғаныстық құрауыштарға сұраныс сақталып отыр және тиісінше Әскери доктринаның жаңа жағдайларға бейімделу проблемасы өзекті күйде қалады.

Әскери-саяси жағдайды талдауды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігіне төнетін негізгі қатерлер мыналар болуы мүмкін:

с ы р т қ ы :

саяси тұрақсыздық, шекаралас елдердегі мемлекеттік институттардың әлсіздігі; Қазақстан Республикасына қатысты қарулы арандатулар, аумақтық кінэреттіктер;

шетел мемлекеттері немесе ұйымдар тарапынан Қазақстан Республикасының ішкі істөріне араласу;

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігіне залал келтіруге әскери-саяси ұйымдар мен одактар әсерінің кеңеюі;

Қазақстан шекарасының маңында қарулы жанжалдар ошақтарының болуы; жекелеген мемлекеттердің жаппай қырып-жою қаруын және оны жеткізу құралдарын жасау жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыруы, оны шығару үшін пайдаланылатын жабдықтарды, технологиялар мен құрауыштарды, сондай-ақ қос мақсаттағы технологияларды таратуы;

әскери күш көрсету, Қазақстан мен оған достас мемлекеттер маңындағы қалыптасқан күштер теңгерімін бұзуға әкеп соқтыратын әскер топтарын өрістету; халықаралық радикалды топтардың қызметі, Қазақстан шекарасы маңында діни экстремизм ұстанымының күшеюі;

i sh k i :

конституциялық құрылышты өзгертуге бағытталған күш көрсету іс-әрекеттері;

Қазақстан Республикасының бірлігі мен аумақтық тұтастығын, елдегі ішкі саяси тұрақтылықты бұза отырып, экстремистік, ұлттық, діни, сепаратистік және террористік қозғалыстардың құқыққа қарсы қызметі;

мемлекеттік биліктің орталық органдарының жұмыс істеуіне іріткі салуға бағытталған іс-әрекеттерді жоспарлау, дайындау және жүзеге асыру, мемлекеттік және басқа да өмірлік маңызы бар объектілерге шабуыл жасау;

зансыз қарулы құралымдарды құру, жарақтандыру, дайындау және олардың жұмыс  
істөユі;

Қазақстан Республикасының аумағында диверсияларды, террористік актілерді, өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін пайдаланылуы мүмкін қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен басқа да құралдарды зансыз тарату;

Қазақстан Республикасындағы экономикалық және саяси тұрақтылыққа қатер төндіретін ауқымдағы ұйымdasқан қылмыс, контрабандалық және өзге де құқыққа қарсы қызмет.

## 1.2. Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы саясат

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды құрауыштарының бірі тиімді әскери қауіпсіздік болып табылады, оның басты мақсаты жеке тұлғаны, қоғам мен мемлекетті әскери қатерлерден қорғау, агрессияны немесе әскери жанжалдардың туындауын болдырмау, елдің саяси және экономикалық мұдделерін іске асыру үшін қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз ету болып есептеледі. Бұл шаралар маңызды мақсат - Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруіне қол жеткізу үшін әскери қауіпсіздіктің қажетті деңгейіне

к е п і л д і к

б е р е т і н

б о л а д ы .

Қазақстан өзінің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуді демократиялық, құқықтық мемлекетті дамыту, әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыру, тең құқылы әріптестік, өзара тиімді ынтымақтастық, халықаралық қатынастардағы тату көршілестік қағидаттарын бекіту, халықаралық қауіпсіздіктің жан-жақты жүйесін дәйекті түрде қалыптастыру, өнірде бейбітшілікті сақтау және нығайту контекстінде қ а р а с т ы р а д ы .

Қазақстан қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әскери емес шараларына, бірінші кезекте, саяси-дипломатиялық, құқықтық, экономикалық, гуманитарлық, акпараттық-насихаттау және өзге де шараларына басымдық береді, оларға мыналар ж а т а д ы :

әскери саладағы, бірінші кезекте Орталық Азиядағы өзара тиімді ынтымақтастық, өзара түсіністік, сенім мен ашықтық шаралары негізінде достас мемлекеттермен байланыстарды және интеграциялық процестерді күшайту;

әскери жанжалдарды болдырмаудың және агрессияларды шешудің халықаралық тетіктерін құру жөніндегі қызметті жандандыру;

сенім шараларын нығайту, мемлекетаралық қайшылықтарды шешу үшін күш қолданудан бас тарту, халықаралық дауларды бейбіт жолмен реттеу;

әлемнің демократиялық және индустріялық дамыған мемлекеттерімен экономикалық байланысты кеңейту және қарым-қатынасты тереңдету;

халықаралық қоғамдастық тарапынан елді қолдауды қамтамасыз ету үшін халықаралық институттар мен форумдардың көмегі мен жәрдемін пайдалану;

жаппай қырып-жою қаруын таратпаудың және қару-жарақты бақылаудың халықаралық режимдерін нығайтуға жан-жақты жәрдемдесу.

Қазақстан бейбітшілік тәртібін қалыптастыруға белсенді қатыса отырып және әскери жанжалдарды болдырмау мақсатында әріптестік және ынтымақтастық құралын, диалогты және басқа да мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен өзінің байланыстарын кеңінен пайдаланады, ал олар туындаған жағдайда - олардың бастапқы даму сатысында жанжалдасу жағдайларын бәсендептін болады.

Әскери жанжалды реттеуге дәйекті көзқарас барлық сатыдағы саяси бақылауды міндетті жүзеге асыру кезінде саяси және әскери шаралардың бүкіл диапазонын қоса алғанда, дең қоюдың тиісті құралдары мен тәсілдерін тандауды және үйлестіруді

көздеге тиіс.

Қазақстан Республикасы әскери жанжалды болдырмау, халықаралық құқық нормалары негізінде халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту ісінде мыналармен ынтымақтастық жасайды:

Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттермен;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығымен;

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске қатысуышы

е л д е р м е н ;

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымымен;

Шанхай ынтымақтастық ұйымымен;

Іс-қимыл әріптестігінің жеке жоспары және "Бейбітшілік жолындағы әріптестік"  
шешеберіндегі НАТО-мен;

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға қатысушы елдермен

Қазақстан Республикасы әскери күштің мәні барынша төмendetіletіn және оның функциялары қарулы жанжалдарды тежеу міndetіne жақындастырылған халықаралық қатынастар жүйесін құруды дәйекті түрде қолдайды. Сонымен бірге, бірқатар объективті мән-жайлардың және әлеуетті әскери қатерлердің болуына байланысты елдің қорғаныс қабілетін нығайту мемлекеттің өзекті міndetтерінің бірі болып қалады.

Әлемдік стандарттар бойынша қазіргі заманғы қару-жарақпен және техникамен жарақтандырылған жоғары кәсіби армия Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар ұлттық мұдделерін сенімді қорғау шарттарының бірі болып табылады.

Бейбіт уақытта әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі міndetтері:

мемлекеттің конституциялық құрылышын, аумағының тұтастығы мен қол  
сұғылмашылығын к орғау ;

төтенше және соғыс жағдайларында жұмыс істеуге мемлекеттің экономикасын  
және әскери ұйымын дайындау ;

мемлекеттің қорғаныс қабілетін барынша ықтимал әскери қатерлерге қарсы  
іс-қимыл жасауды қамтамасыз ететін деңгейде ұстау ;

энергетикалық, ғылыми-техникалық, ғарыштық және басқа да салалардың  
стратегиялық объектилерін күшпен қорғауды қамтамасыз ету ;

қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың қазіргі заманғы үлгілерімен, оның  
ішінде НАТО стандарттары бойынша Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери  
құралымдар жарактандыру ;

әлемнің озық тәжірибесін ескере отырып, әскерлерді жасақтаудың келісім-шарт  
жүйесін дамыту шарттарында Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери  
құралымдар үшін кадрлар даярлауды жетілдіру ;

әскери қызметшілерге және әскери қызметтен босатылған адамдарға әлеуметтік  
кеңілдіктерді қамтамасыз ету, әскери жанжалдарды шешуге және төтенше жағдай  
салдарларын жоюға қатысқандарға мемлекеттік қолдау көрсету ;

халықтың идеологиялық тәрбиелеуге, қазақстандық патриотизм мен елдің әскери  
қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген саналы көзқарасын қалыптастыру ;

бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міndetтемелерді  
орындау, оның ішінде бітімгершілік қызметке, коалициялық әскери құрылышқа қатысу ;

ұжымдық және өңірлік қауіпсіздікті нығайту үшін екі жақты және көп жақты  
негіздерде әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты кеңейту ;

қару-жақты шектеу, қысқарту, таратпау және жою саласындағы шарттарды өзара орындауды бақылау, сенім шарапарын нығайту.

Қатерлі кезеңдегі және қарулы жанжал басталғандағы басты міндеттер мыналар болып табылады:

агрессияны болдырмау немесе агрессорды қарулы жанжалды бастапқы сатысында тоқтатуға мәжбүрлеу, бейбітшілікті қалпына келтіру үшін БҰҰ-ның, басқа да халықаралық ұйымдардың әлеуетін пайдалану;

қарулы, саяси, дипломатиялық, ақпараттық, экономикалық және басқа да құрес түрлерін ұйымдастыру және үйлесімді жүргізу;

әскери іс-қимылдарды дайындау және жүргізу жөнінде шешім қабылдау және оны іске асыру;

ел экономикасын, оның жекелеген салаларын, сондай-ақ кәсіпорындары мен ұйымдарын, көлігі мен коммуникацияларын соғыс жағдайы шарттарында жұмыс істеге аудастыру;

агрессияға тойтарыс беру мүддесінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру;

аумақтық және азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

әскери саладағы шарттар негізінде қарулы жанжалдарды оқшаулау және тоқтату үшін достас мемлекеттердің мүмкіндіктерін пайдалану.

Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басым бағыттары мыналар болып табылады:

мемлекеттің әскери ұйымына басшылық жасауды оның қызметін азаматтық бақылаумен үйлесімдікте орталықтандыру;

әскери қатерлерді уақтылы ашу, бағалау және жіктеу, оларға барабар қарсы іс-әрекет жасауды қамтамасыз ету;

мемлекеттің әскери қауіпсіздігін кепілді қамтамасыз етуге қабілетті күштер мен құралдардың болуы, оларды ұтымды пайдалану және жан-жақты ресурстық қамтамасыз ету;

мемлекеттің әскери ұйымының әзірлік деңгейін әскери қауіпсіздікке төнетін қазіргі және әлеуетті қауіп-қатерлерге қарсы тиімді іс-әрекет жасауға келтіру;

халықаралық әскери ынтымақтастықты терендету, халықаралық және өнірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге белсенді қатысу.

### **1.3. Мемлекеттің әскери ұйымы**

Қазіргі заманғы және тиімді әскери ұйым Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады.

Мемлекеттің әскери ұйымы әскери әдістермен міндеттерді орындау үшін

тағайындалған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын қамтиды.

Мемлекет өз Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын дамыту және жан-жақты қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдайды.

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамытудың басты мақсаты олардың мемлекеттің әскери қауіпсіздігіне төнетін қазіргі бар және әлеуетті қатерлерді бейтараптандыруға әзірлігін қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын дамытудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

ғ ы լ ы м и                          н е г і з д і л і к ;

жоспарланған іс-шараларды үйымдастыру мен өткізуге орталықтандырылған б а с ш ы л ы қ                          ж а с а у ;

белгіленген іс-шаралардың уақтылығы, жоспарлылығы мен жан-жақты қамтамасыз е т і л ү і ;

жалпы мемлекеттік және ведомстволық іс-шаралардың кешенділігі мен келісілуі, оларды үйымдастыру мен өткізуді үдайы бақылау;

кадрларды оқыту және даярлау жүйесінің бірізділігі.

Мемлекеттің әскери үйымын дамытудың негізгі міндеттері:

әскери үйымның барлық құрауыштарын тенгерімді және үйлесімді дамыту;

мемлекеттің әскери үйымын басқару органдарының қызметін, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды даярлаудың нысандары мен тәсілдерін, бірлесіп жоспарлау, ведомствоаралық үйлестіру мен өзара іс-қимыл жасау сапасын ж е т і л д і р у ;

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қызметін мемлекеттік және азаматтық бақылаудың тиімділігін арттыру;

Қарулы Күштерді келісім-шарт негізінде жасақтау жүйесін жаңа деңгейге шығару;

Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар үшін резервтер даярлау ж ү յ е с і н                          с а п а л ы                          ж е т і л д і р у ;

әскерлер құрылымын оңтайландыруды аяқтау, стратегиялық бағыттарда өзіне өзі жеткілікті әскерлер топтарын құру жолымен мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінде өнірлік қолбасшылықтардың нақты дербестігіне қол ж е т қ і з ү ;

жоғары дәлдікті қаруды, радиоэлектрондық күрес құралдарын дамытуға, әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдарын, байланыс және басқару жүйелерін жаңғыртуға баса назар аудара отырып, басқару органдарын, үдайы жауынгерлік әзірліктерінде құрамалар мен бөлімдерді қару-жарақ пен әскери техниканың қазіргі заманғы жаңа үлгілерімен жоспарлы түрде техникалық қайта жарактандыру;

қорғаныс міндеттерін шешу үшін ғарыш құралдарын пайдалану; әскери білім беру, әскери кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін әлемдік

стандарттарға

сәйкес

келтіру;

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесінің тиімділігін арттыру және біріздендеру;

әскери қызметтің сапалық параметрлерін жақсарту;

Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеудің мемлекеттік бағдарламасы негізінде Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы идеологиялық жұмысты жандандыру;

Ұлттық қорғаныс университетінің жетекші рөлі жағдайында шетелдік жетекші ғылыми қызмет орталықтарымен және әскери оқу орындарымен өзара іс-кимыл жасай отырып әскери ғылымды дамыту;

әскери саладағы ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз ету, отандық қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді бұдан әрі дамыту;

аумақтық қорғаныс жүйесін мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесіне белсенді түрде ықпалдастыру;

халықаралық және өнірлік қауіпсіздік мұдделеріндегі халықаралық әскери ынтымақтастықты, армияны жаңғыртуды, әскери инфрақұрылымды қалыптастыруға практикалық көмекті, әскери кадрларды даярлауды кеңейту.

Мемлекеттің әскери үйімінің барлық қурауыштарын дамыту Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жауынгерлік қолдану міндеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, олардың қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес, үйлестірілген және келісілген бағдарламалар мен жоспарлар бойынша жүзеге асырылады.

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жетілдіру төмен және орта қарқынды жанжалдарда әскери қауіпсіздік қатерлерін бейтараптандыруға әскерлердің әзірлігін қамтамасыз етуге бағытталған әскери-саяси, әскери және әскери-техникалық сипаттағы өзара байланысты шаралар кешенін өткізуі көздейді.

Оны мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес екі кезеңде жүзеге асыру жоспарлануда.

Бірінші кезеңде (2006 - 2008 жылдар) негізгі күш-жігер стратегиялық бағыттарда мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін дербес шешуге қабілетті әскер топтарын құруды аяқтауға, әскери инфрақұрылымды дамытуға Мемлекеттік шекараны, мемлекеттік маңызы бар объектілерді күзетуді қамтамасыз ететін жауынгерлік кезекшілік атқаратын бөлімдер мен бөлімшелерді қазіргі заманғы қару-жарақпен, әскери техникамен және арнайы құралдармен жарақтандыруға бағытталатын болады.

Екінші кезеңде (2009-2010 жылдар) негізгі күш-жігер әскерлердің сапалық параметрлерін арттыруға және оларды қару-жарақтын, әскери техниканың, арнайы құралдардың жаңа үлгілерімен кезең-кезеңмен техникалық қайта жарақтандыруға

**б ағытталатын**

**б о л а д ы .**

Кейіннен негізгі күш-жігер Армияны техникалық қайта жарактандыру жөніндегі іс-шаралар кешенін аяқтауға және оны ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамытудың басым  
**б ағыттары :**

**б і р і н ш і                    к е з е н д е :**

оларға жүктелген міндеттерді шешуге, дербес және басқа мемлекеттердің қарулы күштерімен бірлесе отырып стратегиялық бағыттарда Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, бітімгершілік, гуманитарлық және өзге де миссияларды орындауды қоса алғанда олар үшін жауапты аймақтарда қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындауға қабілетті өнірлік әскер топтарын құру;

басқару органдарының, құрамалар мен бөлімдердің ұйымдық-штаттық құрылымын жетілдіру, оларды біріздендіруді қамтамасыз ету, әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі функционалдық жүктемені атқармайтын белімдерді қысқарту;

Каспий өніріндегі ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуге Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз күштерінің тең дәрежеде қатысуы;

бірқатар құрамалар мен белімдерді қазіргі заманғы, оның ішінде жоғары дәлдікті қару-жарақпен және техникамен қайта жарактандыру, қолда бар қару-жарақ және техника паркін толық ауқымды жаңғырту үшін жағдай жасау;

**ә ск е р и                    ғ ы л ы м д ы                    д а м ы т у ;**

әскери-техникалық мамандарды, оның ішінде НАТО стандарттары бойынша  
**д а я р л а у ;**

**ә ск е р и                    и н ф� а қ ұ р ы л ы м д ы                    ж е т і л д і р у ;**

әскерлер мен қаруды басқару жүйесіне ГАЗ-технологияларын, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыс нәтижелерін енгізу;

ведомствоаралық үйлестіруді және әлуettі құрылымдардың өзара іс-қимылын арттыру;

әскерлерді келісім-шарт негізінде жасақтауға жоспарлы түрде көшуді қамтамасыз ету;

әскери және арнаулы оқу орындарындағы оқу процесін озық технологияларды және оқыту әдістемелерін енгізумен үйлесімділікте оқыту әдістемесін жақсарту арқылы сапалы жаңа денгейге шығару;

әскери қызметтің беделін, маңыздылығы мен абырайын арттыру;

екі жақты форматтағы сияқты көп жақты негіздегі халықаралық әскери ынтымақтастықты, оның ішінде АӨСШК, ҰҚШҰ, ШЫҰ және басқалар сияқты үйлімдардың жұмысына белсенді қатысу арқылы, сондай-ақ халықаралық терроризмге, есірткі құралдарының, қару мен оқ-дәрілердің трафигіне қарсы іс-қимыл жасау саласындағы халықаралық әскери ынтымақтастықты кеңейту;

Мемлекеттік шекараны күзетудің әскери, жедел және инженерлік-техникалық құштер мен құралдарын кешенді пайдаланудың қазіргі заманғы жүйесін қалыптастыру;

### екінші кезеңде:

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қурамында жауынгерлік әзір, жеке құраммен, қару-жарақпен және техникамен жабдықталған құрамалар мен бөлімдердің санын ұлғайту;

әкімшілік-аумақтық бірліктерді жұмылдыру дайындығы мәселелеріндегі жергілікті әскери басқару органдарының рөлін арттыру;

бөлімдер мен құрамаларды қару-жарақ пен техниканың қазіргі заманғы үлгілерімен кезең-кезеңмен қайта жарақтандыру, сондай-ақ жарақтандыруда түрған қару-жарақ пен әскери техниканы сапалы жаңғырту;

Қарулы Күштердің жекелеген құрауыштарын НАТО стандарттарына көшіруді аяқтаяу;

аналогтық байланыс құралдарын қазіргі заманғы ауыспалы және стационарлық цифрлы жүйелерге ауыстыру, ұлттық спутниктік жүйеге бейімделген байланыс желісін құрғу;

әскерге шақыру және жұмылдыру резервтерін даярлау жүйесін жетілдірумен үйлесімділікте жауынгерлік әзірлікті айқындастырын лауазымдарды келісім-шарт бойынша әскери қызметшілермен ауыстыру жолымен армияны кәсібілендіру;

әскери білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға жауап беретін деңгейге шыгару;

Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар үшін кәсіпкөй сержанттарды даярлау жүйесін құру;

Біріккен Ұлттар Ұйымының аясында өткізілетін бітімгершілік операцияларға Қазақстанның қатысуын жандандыру;

### кеейіннен:

стратегиялық бағыттарда құштер мен құралдарды жедел өрістетуді жүзеге асыруға қабілетті, барынша қысқа мерзімдерде көп нұсқалы іс-әрекеттерге әзір өнірлік әскер топтарын жетілдіру;

қазіргі заманғы әскери-техникалық құралдармен жоспарлы түрде жарақтандыру;

әскери басқару жүйесінің тиімділігін арттыру.

Қарулы Күштер түрлері мен тектерін дамытудың қорытындылары мыналар болуы тиіс:

### Құрлық әскерлері үшін:

Құрлық әскерлерінің бітімгершілік, гуманитарлық және өзге де миссияларды орындауды қоса алғанда, оларға жүктелген ерекше міндеттерді дербес немесе басқа да мемлекеттердің қарулы күштерімен бірлесіп шешуге қабілетті әлемнің озық Армияларының стандарттарына сәйкес келуін қамтамасыз ету;

стратегиялық бағыттарда туындастын әскери қауіпсіздік қатерлеріне уақылды және

икемді ден қоюға қабілетті өнірлік қолбасшылықтардың әскер топтарын құру;

Әуе қорғанысы күштері үшін:

қазіргі заманғы қарулы құрестің және Қарулы Күштер ұтқырылғының іргетасын айқындаушы элемент ретінде әскери-әуе күштерін топтастыруды және техникалық жаражатандыруды жетілдіру;

қару-жарақ пен әскери техниканың қазіргі заманғы үлгілерімен қайта қаруландыру есебінен әуеден жасалатын шабуылдан Қазақстан аумағын әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерімен кепілді бүркемелеуді және елдің әуе кеңістігін бұзуға жасалатын әрекеттердің жолын кесуді қамтамасыз ету;

әуе және техникалық барлаудың pilotсыз ұшу аппараттарын және басқа да құралдарын кеңінен пайдалану;

қазіргі заманғы тренажерлар мен оқыту құралдарын енгізу;

Әскери-теңіз күштері үшін:

Каспий теңізінде Қазақстанның ұлттық мұдделерін қорғау қабілетін қамтамасыз ету, Әскери-теңіз күштерін қазіргі заманғы жауынгерлік және қосалқы кемелермен жағдайқтау;

пирстарды, гидрографиялық және бағыттау жабдықтарын қоса алғанда, жаға инфраструктурынын дамыту;

Аэроұтқыр әскерлер үшін - жеткізудің авиациялық және жер үсті құралдарымен, НАТО стандарттары бойынша қазіргі заманғы байланыс, керек-жарақ және қару-жарақ құралдарымен жарактандырылған автономды бөлімшелер құру.

Ракета әскерлері мен артиллерия үшін - жоғары дәлдікті қарудың үлгілерін сатып алу және жаңғырту есебінен оқату қуатын арттыру.

арнағы әскерлер үшін:

цифрлы стандартқа көшу жолымен байланыс жүйелерін жаңғырту және ұлттық спутниктік жүйеге бейімделген Қарулы Күштердің спутниктік байланыс желісін құру, сондай-ақ әскерлерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу;

дербес әскер тектерін құру мақсатымен радиотехникалық барлауды және радиоэлектрондық құресті жүргізу дің қазіргі заманғы құралдарымен жарактандыру;

Қарулы Күштердің Тылды үшін:

шаруашылық қызметін жоспарлау жүйесін жетілдіру;

әскерлерді материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесін енгізу;

материалдық құралдардың жедел және стратегиялық қорларын жасау.

## 2. Қазақстан Республикасы қауіпсіздігінің әскери-стратегиялық негіздері 2.1. Қарулы жанжалдардың сипаты

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі объективті орын алғып келе жатқан үрдістер Қазақстан Республикасын мемлекеттің өмірлік маңызы бар мұдделерін қорғау, сондай-ақ халықаралық шарттарға сәйкес міндеттемелерін орындау мақсатында әскери жанжалдарға қатысуға әзірлікте ұстауға міндеттейді.

Әскери жанжал - әскери күштерді қолданумен мемлекеттер, халықтар, әлеуметтік топтар арасындағы қақтығысу, қарсы күресу, қайшылықтарды шешу нысаны.

Кез келген әскери жанжалға тараптардың саяси мақсаттарына, әскери іс-әрекеттерді жүргізу ауқымына, олардың шиеленісіне, қолданылатын қарулы күрес құралдарына, әскерлер іс-әрекетінің тәсілдеріне негізделген әлеуметтік-саяси, құқықтық және әскери-стратегиялық белгілер тән, олар жиналып келгенде оның сипатын айқындайды.

Қазіргі заманғы қарулы жанжалдар сипатының негізгі белгілері:

кеңістіктік етек алуы, жоғары белсенділік пен қарқындылық, асығыстық пен шекті шиеленісу, авиацияны, жоғары дәлдікті қаруды, РЭК құралдарын, ғарыштық құрауыштарды, барлау мен басқарудың автоматтандырылған жүйелерін, ақпараттық және психологиялық күрес күштері мен құралдарын кеңінен пайдалану;

тараптар мен қапталдардың айқын белгіленген түйісу жолақтарының болмауы, әскерлердің жедел құруда үлкен аралық пен алшақтықтың болуы;

кеңінен маневр жасау, диверсиялық-барлау топтары мен құралымдарын белсенді қолдану үшін жағдай жасайтын іс-әрекеттердің байланыссыз және басқа да дәстүрлі емес нысандары мен тәсілдерін пайдалану;

тікелей емес стратегиялық іс-әрекеттерді, оның ішінде саяси және психологиялық қысым жасауды, күш көрсетуді, экономикалық санкцияларды, ақпараттық күресті қ о л д а н у ;

мемлекеттік және әскери басқару жүйесіне іріткі салу;

қару-жарақ пен әскери техниканың қазіргі заманғы жүйелерін кеңінен қолдану;

энергетика кәсіпорындарын, қауіпті өндірістерді, инфрақұрылымды, коммуникацияларды, тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін істен шығарудың апаттық салдарлары ;

қарулы жанжалдарға тұрақты емес қарулы құралымдардың қатысуы.

Әскери жанжалдар қарулы жанжалдарды, қарулы арандатулар мен қарулы и н ц и д е н т т е р д і қ а м т и д ы .

Қарулы жанжал - мемлекет соғыс жағдайына өтпей, қарулы күш көрсету құралдарын қолдана отырып, ұлттық, этникалық, діни және басқа да қайшылықтарды шешудің б і р н ы с а н ы .

Қарулы жанжал қарулы инцидент, қарулы арандатушылық, басқа да ауқымы шектелген қарулы соқтығысулар нысанында туындауы және қарулы күрес құралдарының көмегімен ұлттық, этникалық, діни және өзге де қайшылықтарды шешу талпынысының салдары болуы мүмкін.

Қарулы жанжалдың ерекше нысаны шекаралық жанжал болып табылады.

Қазақстан Республикасы тартылуы мүмкін әскери жанжалдар ауқымы, ұзақтығы мен шиеленісіүі бойынша төмен, орта және жоғары қарқынды жанжалдарға бөлінеді.

Төмен қарқынды әскери жанжал - соғыс жағдайына өтпей, әр түрлі текті қайшылықтарды қарулы күрес құралдарының көмегімен шешуге әрекет жасау салдарынан туындаған қарулы жанжал.

Ол әскерлер әрекет жасайтын аудандардағы әскери-саяси жағдайдың күрделілігімен және тұрақсыздығымен, коммуникациялардың, сондай-ақ жергілікті тұрғындардың әлсіздігімен, тұрақты емес қарулы құралымдардың қатысуымен, диверсиялық және террористік іс-әрекеттермен сипатталады.

Әдеттегідей, мұндай жанжалдар шекаралық қарулы инциденттер, ел ішіндегі заңсыз қарулы құралымдардың және террористік ұйымдардың қызметі нәтижесінде туындауы мүмкін.

Орта қарқынды қарулы жанжал - қуатты экономикалық және әскери әлеуеті жоқ елдер арасындағы соғыс. Ол қарсы күресетін тараптардың шектелген құштері мен құралдарын қолданумен, жоғары дәлдікті қаруды, радиоэлектрондық күрес құралдарын және басқа да қару-жарақ пен әскери техниканың қазіргі заманғы түрлерін белсенді пайдаланумен, жанжалдасатын мемлекеттердің шекараларында әскери іс-әрекеттер жүргізумен және олардың барлық аумағында әскерлерді, тыл, экономика және коммуникациялар объектілерін талқандаумен сипатталады.

Орта қарқынды әскери жанжал басқа бағыттардан әскерлерді, құштер мен құралдарды ауыстыру және Қарулы Құштерді жартылай стратегиялық өрістету есебінен қажет болған кезде оларды қүшеттүмен жанжал ауданында өрістетілген әскер топтараты жүргізуі мүмкін.

Орта қарқынды жанжалда тараптар қарсы күресетін мемлекеттердің шекараларында әрекет жасайтын және шектелген әскери-саяси мақсаттарды ұстанатын болады.

Жоғары қарқынды әскери жанжал - әскери және экономикалық жағынан қуатты мемлекеттер (мемлекеттер коалициялары) қатысатын соғыс. Ол қарсы күресетін тараптардың түбекейлі әскери-саяси мақсаттарымен сипатталады, оларға қол жеткізу қатысушы мемлекеттердің материалдық және рухани ресурстарын толық жұмылдыруды талаға етеді.

Ядролық мемлекеттердің қатысуымен болатын жанжалда ядролық қаруды қолдану қатері ұдайы сақталады. Оны шектелген ядролық соққы бере отырып, ядролық соғысқа трансформациялау көп адам өліміне, экономикалық және мәдени орталықтардың қирауына, үлкен аумақтың зақымдануына әкеп соғуы мүмкін, ол өнірдің көп елдерінде экологиялық апаттарға әкеп соқтырады.

## 2.2. Қарулы Құштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қолдану негіздері

Қазақстан Республикасы оған қарсы агрессия туындаған жағдайда қарулы қорғауды, мемлекеттің барлық әскери және әлеуметтік әлеуетін жұмылдыруды, азаматтық және аумақтық қорғаныс іс-шараларын, достас мемлекеттердің қарулы қүштерімен бірлескен іс-қимылдарды жүргізуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жауынгерлік құрамы, жасақталуы және қамтамасыз етілуі төмен және орта қарқынды жанжалдарда мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетіне жарап беруге тиіс.

Қазақстан Республикасы және оның Қарулы Қүштері кенеттен болатын шабуылға жол бермеуге, қауіпті кезеңді агрессияға тойтарыс беруге дайындау, Қарулы Қүштер мен одақтас мемлекеттер әскерлерінің (қүштерінің) коалициялық топтарын стратегиялық өрістетуді жүзеге асыру үшін жағдай жасау, елдің экономикалық кешенін бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына ауыстыру, мемлекеттік шекараны бүркемелеу, маңызды мемлекеттік және әскери объектілерді қорғауды қүшету, психологиялық курес қүштері мен құралдарын қеңінен қолдану, қарсыластың халыққа және әскерлердің жеке құрамына ақпараттық-психологиялық әсер етуіне қарсы іс-қимыл жасау үшін мақсатты түрде пайдалануға әзір болуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары агрессияға тойтарыс беру, елдің аумақтық тұтастығы мен егемендігін қарулы қорғау, мемлекеттік және әскери объектілердің құзеті және қорғанысы, әуе кеңістігін құзету үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындау үшін қолданылады.

Қарулы Қүштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қолдану Конституцияға, қолданыстағы заннамаға және Қарулы Қүштерді қолдану жоспарына, Қазақстан Республикасы Президентінің әскери қауіпсіздік мәселелері жөніндегі жарлықтарына, басқа да нормативтік құқықтық актілерге, жоспарларға және директивалық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары төмен қарқынды әскери жанжалдарда, әдетте, оларды бейбіт құралдармен реттеу үшін жағдай жасау мақсатында әскери іс-әрекеттердің шиеленісу ошақтарын неғұрлым ерте сатыда оқшаулау және тоқтату үшін қолданылатын болады.

Осы міндеттерді орындау үшін Қарулы Қүштердің ұдайы жауынгерлік әзірліктегі құрамалары мен бөлімдері тартылады. Қажет болған кезде олар Қазақстан Республикасының басқа да әскерлерімен және әскери құралымдарымен қүшеттіледі. Мұндай жағдайда әскер топтарына басшылық жасауды бір (жалпы әскери) қолбасшылық жүзеге асырады.

Шекара маңындағы жанжалды, әдетте, Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштерінің құрамаларымен және бөлімдерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қүштері мен құралдары шешетін болады.

Сыртқы күштермен арандатылған ішкі қарулы жанжалдар туындаған кезде Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қолдану заңсыз қарулы құралымдарды жою, жағдайды тұрақтандыру, заңдылық пен құқық тәртібін қалпына келтіру, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халықта қажетті көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңнамасына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасына қарсы орта қарқынды әскери жанжал экономикалық және қорғаныс әлеуетін бұзу, белгілі аумақтарды басып алу және оларды бақылауды белгілеу немесе мемлекетті елеулі саяси, аумақтық, экономикалық және басқа да шегіністерге мәжбүрлеу мақсатында туындауы мүмкін.

Орта қарқынды жанжалға қатысу Қазақстан Республикасының барлық аумағында және оның жекелеген облыстарында соғыс жағдайын енгізуді немесе жартылай немесе жалпы жұмылдыруды жариялауды, мемлекеттің қорғаныс және әскери-экономикалық әлеуетінің барлығын немесе елеулі бөлігін пайдалануды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары орта қарқынды әскери жанжалдарда жауынгерлік іс-қимыл аудандарын оқшаулау және агрессияның шешімді түрде жолын кесу, оның ішінде одақтас мемлекеттердің қарулы күштерімен бірлесіп қолданылатын болады.

Қазақстан Республикасына қарсы орта қарқынды әскери жанжал мынадай түбегейлі әскери-саяси мақсаттармен туындауы мүмкін: елде саяси биліктің ауысуы, мемлекеттік және әскери басқару жүйесіне іріткі салу, аумақтың біршама бөлігін иеліктен шығару, мемлекеттің қорғаныс әлеуетін толық жою.

Қазақстан Республикасының мақсаты оған қарсы жоғары қарқынды жанжалдың туындауын болдырмаудың саяси-құқықтық, ұйымдық-техникалық және өзге де халықаралық кепілдіктерінің тиімді жүйесін белсенді іздестіру және құру болып табылады.

Көрші мемлекеттермен достық қарым-қатынас құру жөніндегі сенімді сыртқы саясатты жүргізуге байланысты және орта мерзімді болашақта тікелей әскери агрессия қаупінің жоқтығына қарай оған Қазақстан Республикасын тартумен осындай жанжалдың туындау мүмкіндігі төмен.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың негізгі міндеттері :

б е й б і т                  у а қ ы т т а :

оқшаулауды қамтамасыз ететін деңгейде бейбіт уақыттың штатында жауынгерлік әлеуетті, басқару органдары мен әскерлердің жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін және дайындығын қолдау және төмен қарқынды әскери жанжалдардың, мемлекеттік шекарарады немесе Қазақстан Республикасы аумағының шегінде кез келген заңсыз қарулы күш көрсетулердің жолын кесу;

әуе кеңістігін күзету, сондай-ақ жедел-стратегиялық тұрғыдан мемлекеттік

шекараның маңызды участеклерін бүркемелеу; аумақтық теңізде, континентальды қайрандарда және Қазақстан Республикасының экономикалық аймағында Қазақстанның ұлттық мұдделерін қорғау; маңызды әскери және мемлекеттік объектілерді күзету; елдің кез келген ауданында жағдайды тұрақтандыру жөніндегі шешуші іс-қимылдарға әзірлікті көрсету; орта немесе жоғары қарқынды жанжал туындаған жағдайда Қарулы Күштерді стратегиялық өрістетуге әзірлікті қамтамасыз ету; диверсиялар мен террористік актілерді болдырмау және жолын кесу; Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес бітімгершілік және өзге де операцияларға қатысу; экологиялық апаттардың және басқа да төтенше жағдайлардың алдын алуға қатысу, олардың салдарын жою.

Осы міндеттерді шешу басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен Қарулы Күштердің тығыз өзара іс-қимыл жасауымен жүзеге асырылады. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне құрлықта, теңізде, көлдер мен өзге де су айдындарында мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау, сондай-ақ терроризмге, қару мен есірткі контрабандасына қарсы куреске қатысу, Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне - маңызды мемлекеттік объектілерді күзету және аса қауіпті құқық бұзушылықтар мен террористік актілердің жолын кесу, зансыз қарулы құралымдарға қарсы курес жүктеледі.

Ішкі қарулы жанжалдардың жолын кесу кезінде: жанжал орын алған аудандарды оқшаулау және қоршау; қоғамдық тәртіпті қоргауды қамтамасыз ету және төтенше жағдайдың құқықтық режимін қолдау;

зансыз қарулы құралымдарды қарусыздандыру және жою, халықтан зансыз сақтаудағы қаруды алу;

аумақтық және азаматтық қорғаныс жоспарларына сәйкес жанжал ауданына жақын жатқан аудандарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті күзетуді қүшету; зандылық пен құқық тәртібін қалпына келтіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді шешу.

Ішкі қарулы жанжалдардың жолын кесу жөніндегі міндеттер Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрылатын біріктірілген топтарына жүктеледі.

Қазақстан Республикасына және оның одақтастарына қарсы агрессия жағдайында: шекара маңы жанжалдарын оқшаулау және бейтараптау; соққы беру және орта және жоғары қарқынды жанжалдарда одақтас мемлекеттердің қарулы күштерімен бірлесіп қарсыластың әскер топтарын талқандау; резервтер құру аудандарын бүркемелеу арнағы операциялар жүргізетін күштерге

және тұрақты емес құралымдарға қарсы күрес; халықты, экономика объектілерін, инфрақұрылымды қарсыласың зақымдау құралдарының әсерінен қорғау; соғыс (төтенше) жағдай режимін қолдау.

Әскери іс-әрекеттер ауқымына, жағдайдың шарттарына және күштердің арақатынасына байланысты міндеттердің түрі өзгертуі мүмкін, бірақ кез келген жағдайда түпкі мақсат Қазақстан Республикасының аумағынан агрессорды қуу және агрессияға дейін болған жағдайды қалпына келтіру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары авариялар, апаттар және зілзала салдарларын жою кезінде халыққа көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тартылуы мүмкін.

## 2.3. Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басшылық жасау

Мемлекеттің әскери ұйымын құруға, дайындауға және қолдануға, мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басшылық жасауды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы болып табылатын Қазақстан Республикасының Президенті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Парламенті мемлекеттің әскери қауіпсіздігі мен қорғанысы мәселелері бойынша зандар қабылдайды, соғыс және бейбітшілік мәселелерін шешеді, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды пайдалану туралы шешім қабылдайды, қорғаныс және әскери ынтымақтастық мәселелері жөніндегі халықаралық шарттарды ратификациялайды және

күшиң жояды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қару-жарақпен, әскери және арнайы техникамен жарақтандыруды, оларды қаржылық және материалдық қамтамасыз етуді, елдің аумағын қорғаныс мұддесінде жедел жабдықтауды ұйымдастырады; физикалық қорғауға жататын стратегиялық объектілердің тізбесін айқындаиды; азаматтық және ауамақтық қорғанысты ұйымдастырады.

Басқа мемлекеттік органдар, жергілікті өкілетті және атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құқықтары, міндеттері мен өкілеттіктері шегінде әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде оларға жүктелген міндеттерді орындауды ұйымдастырады және ол үшін толық жауапты болады.

Бейбіт уақытта Қарулы Күштерге басшылық жасауды Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтары комитеті арқылы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі елдің әскери қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз етуге байланысты міндеттерді шешеді, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамыту тұжырымдамасын өзірлеуді үйлестіреді; Қарулы Күштер әскерлері тұрлерінің, тектерінің құрылымын, штат санын белгілейді; мемлекетте бірыңғай әскери-техникалық саясат жүргізеді; халықаралық әскери ынтымақтастықты жүзеге асырады; Қарулы Күштерде зандалық пен құқық тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады және әскери қызметшілерге, олардың отбасы мүшелері мен азаматтық персоналға әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерді

қ а м т а м а с ы з   е т е д і .

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтары комитеті бейбіт уақытта мемлекеттің Қарулы Күштерін басқарудың бас органы және соғыс уақытында Жоғарғы Бас қолбасшылық Ставкасының жұмыс органды бола отырып, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрылышының және дамуының, олардың жедел, жауынгерлік және жұмылдыру дайындығының жоспарларын өзірлеуді үйлестіреді, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, сондай-ақ аумақтық қорғаныс міндеттерін орындауға қатысатын күштерді қолдануды және олардың өзара іс-қимыл жасаудың жедел-стратегиялық жоспарлауды ұйымдастыруды және жүзеге асырады, қорғаныс мүддесінде ел аумағын жедел                                  жағдайтау                                  жоспарын    әзірлейді.

Штабтар бастықтары комитеті қызметінің негізгі мақсаты әлемдегі және өнірдегі әскери-саяси жағдай деректерін жинау және талдау; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының мүмкіндіктерін бағалау, оларды мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін даярлау және қолдану жөніндегі ұсыныстарды өзірлеу, жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін бақылауды жүзеге                                  а с ы р у                                  болып    т а б ы л а д ы .

Мемлекеттік органдардың әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріндегі қызметін үйлестіру Әскери-консультативтік кеңес арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері тұрлерінің бас қолбасшыларының, әскер тектері қолбасшыларының, Тылы бастығының басқармалары Қарулы Күштер тұрлерін, әскер тектерін, Тылы дамыту және қолдану оларды жедел және жұмылдыра даярлау, техникалық жараптандыру, кадрларды даярлау жоспарларын өзірлеуді және іске асыруды жүзеге асырады, әскерлерді басқаруды және олардың күнделікті қызметін

қ а м т а м а с ы з   е т е д і .

Өнірлік қолбасшылықтар әскерлері қолбасшыларының басқармалары бағынысындағы әскерлер топтамаларын басқаруды, сондай-ақ белгіленген жауапкершілік шекараларында әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен бірлескен даярлығы жөніндегі іс-шараларды жоспарлауды және ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Бейбіт уақытта басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға тікелей басшылық

жасауды және басқаруды тиісті мемлекеттік органда жүзеге асырады.

Қауіп төнген кезеңде және соғыс уақытында мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басшылық жасау Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актілерімен регламенттеледі.

### **3. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің әскери-экономикалық және әскери-техникалық негіздері 3.1.**

#### **Әскери-экономикалық және әскери-техникалық қамтамасыз етудің мақсаттары, қағидаттары, міндеттері мен бағыттары**

Әскери-экономикалық және әскери-техникалық қамтамасыз етудің басты мақсаты Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қаржы қаражатына және әскери мүлікке деген мұқтаждарын Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін шешу үшін қажетті көлемде қанағаттандыру  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстанның Қарулы Күштері қазіргі заманғы әскери-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге тиіс, олар Қазақстан мен жаңа халықаралық жағдайға тән қауіптерге сәйкес жоғары қорғаныс технологияларына дәлелді түрде сенеді.

Әскери-экономикалық және әскери-техникалық қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары :

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамыту бюджеттерін кезең-кезеңмен ұлғайту;

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін бағдарламалық- мақсаттық қаржыландыру мәселелерін жетілдіру, елдің жалпы ішкі өнімінің кемінде бір пайзын құрайтын және секвестрлеуге жатпайтын қорғанысқа арналған шығыстарды қаржылық қ а м т а м а с ы з е т у ;

әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін шешу кезінде қаржылық, материалдық-техникалық, зияткерлік ресурстарды тиімді пайдалану;

қару-жарақты, әскери және арнайы техника өндірісі, айналымы және сату саласындағы мемлекеттік реттеу.

Әскери-экономикалық және әскери-техникалық қамтамасыз етудің басым міндеттері мыналар болып табылады:

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамыту іс-шараларын уақылты қаржыландыруды қамтамасыз ету, басқару органдары мен әскерлердің күнделікті қызметін теңгерімді қаржылық қамтамасыз ету;

әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүддесінде мемлекеттің әскери-экономикалық қ ы з м е т і н ж е т і л д і р у ;

отандық қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді, халықаралық әскери- техникалық интеграцияны дамыту жөніндегі шаралардың үндестікпен үйлесуіне, сондай-ақ қолда

бар қару-жаракпен және әскери техникамен үйлесімділігін ескере отырып, шетелден қазіргі заманғы техниканы жеткізуге негізделген қазіргі заманғы бірыңғай және үйлестірілген мемлекеттік әскери-техникалық саясатты қалыптастыру;

отандық қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының қару-жарактың, әскери және арнайы техниканың, оқ-дәрілердің әскерлерді жарақтандыруды тұрған үлгілерін жөндеуді және жаңғыртуды, сондай-ақ қазіргі заманғы түрлерін шығаруды и г е р у                    у ш і н                    ж а ғ д а й                    ж а с а у ;

өзара тиімді халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге                    а с ы р у .

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін әскери-экономикалық және әскери-техникалық қамтамасыз етудің негізгі бағыттары:

Қарулы Құштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қаржылық, материалдық-техникалық, зияткерлік және өзге де ресурстарға мұқтаждықтарын қанағаттандыруға бағытталған экономикалық саясатты жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының қару-жарагы мен әскери техникасын сатып алу, жаңғырту, жөндеу, кәдеге жарату 2015 жылға дейін әскери мақсаттағы өнімдерді шыгаратын кәсіпорындарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және басқа да дамыту бағдарламалары негізінде бірыңғай мемлекеттік әскери-техникалық саясатты жүргізу және мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру;

терроризмге қарсы операцияларды жүргізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, ұйымдастырылған қылмысқа, қару, оқ-дәрі және есірткі құралдарының трафигіне қарсы қару-жарактың, әскери және арнайы техниканың жаңа үлгілерімен қамтамасыз ету;

мемлекеттік қорғаныс тапсырысын жыл сайын қалыптастыруды және орындауды қамтамасыз ететін қаржы-экономикалық реттеуіштер мен механизмдер жүйесін ж е т і л д і р у ;

республикалық бюджеттен бөлінген қаржы және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен қару-жарак, әскери техника мен басқа да әскери мүлік паркін жаңғыртуды, техникалық қайта жарақтандыруды, жаңартуды                    ж ү р ғ і з у ;

әскери-қорғаныс жүйесінің жекелеген құрауыштарын НАТО-ның озық әлемдік үқас нұсқаларына және стандарттарына сәйкес келетін қару-жарак пен әскери техниканың жоғары технологиялық үлгілеріне кезең-кезеңмен көшіру;

дамудың басым бағыттарын айқындау және отандық қорғаныс-өнеркәсіп кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ қос мақсаттағы өнімдерді шығару;

корғаныс-өнеркәсіп кешені үшін білікті кадрларды даярлау;

мемлекеттің қорғаныс қабілетінің қажетті деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу үшін әскери өнімді, әскери мақсаттағы жұмыстар мен қызметтердің

жана түрлерін өндіру мақсатында стратегиялық инвесторларды тарту; қорғаныс мұқтажы үшін өндірілетін (сатып алынатын) өнімдерді мемлекеттік сыйнауды және сертификаттауды жүргізу; өндірілетін өнімді әскери қабылдау институттарын дамыту; экспорттық әскери өнімдерді өткізу нарығын кеңейту, олардың номенклатуралары мен көлемдерін арттыру жолымен отандық әскери-өндірістік компаниялар мен кәсіпорындардың экспорттық әлеуетін дамыту; отандық қорғаныс өнеркәсібін нығайту, дамыту және қайта бейімдеу, елдің әскери-экономикалық әлеуетін арттыру мақсатында әлемдік тәжірибелі және халықаралық әскери-техникалық ынтымақтастықты кеңінен пайдалану.

### **3.2. Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы және резервтер жүйесі**

Мемлекеттің резервтер жүйесінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының қорғанысын кепілді қамтамасыз ету және төтенше жағдайларды жою үшін қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де ресурстарды бөлу болып табылады.

Резервтер жүйесінде материалдық-техникалық құралдар мен әскери мұлікті өндіру және олардың қорларын жинақтау үшін мемлекеттік органдарға Жұмылдыру жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру міндеттерін іске асыру шенберінде жұмылдыру тапсырмалары белгіленеді.

Резервтер жүйесі қару-жарақтың, оқ-дәрілер мен материалдық- техникалық құралдардың стратегиялық, жедел және әскери қорларын, сондай-ақ жұмылдыру р е з е р в т е р і н қ а м т и д ы .

Материалдық-техникалық құралдардың стратегиялық қорларын жинақтауды және ұстауды Қазақстан Республикасының Үкіметі ұйымдастырады.

Кару-жарақтың, оқ-дәрілер мен материалдық-техникалық құралдардың жедел қорларын жинақтауды және ұстауды Қорғаныс министрлігі, ал әскери қорларды Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдары жүзеге асырады.

Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, аумақтық және азаматтық қорғаныс үшін жұмылдыру резервтерін дайындау және жинақтау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтары комитетінің жалпы басшылығымен жүзеге асырылады.

Резервтер жүйесінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: резервтер жүйесінің материалдық-техникалық базасын дамыту, оны қазіргі заманғы ерт және күзет дабылымен жарақтандыру;

жұмылдыру тапсырмаларын орындауда әр түрлі нысандағы кәсіпорындар мен ұйымдардың экономикалық мүдделелілігі жүйесін жетілдіру;

мемлекеттік материалдық резервтегі материалдық құралдар қорлары қажетті  
көлемде жинақтау және үстәу.

Жұмылдыру дайындығының және экономиканы бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына  
ауыстырудың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;

ел экономикасының жұмылдыру әзірлігінің және халықтың жұмылдыру  
дайындығының тиімді жүйелерін құру;

соғыс жағдайы шарттарында және соғыс уақытында экономиканы басқару жүйесін  
орнықты жұмыс істеуге дайындау;

жұмылдыру тапсырмалары бар мемлекеттік органдардың, үйымдар мен  
кәсіпорындардың жұмылдыру дайындығы жүйесінің тиімділігін арттыру;

материалдық ресурстар қорларын жұмылдыру және мемлекеттік резервтерде  
жинақтау және сақтау;

жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы халықаралық шарттарды іс  
жүзінде іске асыру;

соғыс уақыты үшін конструкторлық және технологиялық құжаттаманың  
сақтандыру қорын құру және сақтау.

Стратегиялық материалдық резервтерді есепке алуды және сақтауды атқару және  
бақылау функцияларын, сондай-ақ мемлекеттік резерв жүйесіне басшылық жасауды  
жүзеге асыратын орган жүзеге асырады.

Адами және көліктік жұмылдыру резервтерін есепке алуды Қазақстан  
Республикасы облыстарының (қалаларының, аудандарының) қорғаныс істері жөніндегі  
департаменттері (басқармалары, бөлімдері) жүзеге асырады.

#### **4. Қазақстан Республикасының халықаралық әскери ынтымақтастыры 4.1. Халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық**

Қазақстан Республикасының халықаралық әскери және әскери- техникалық  
ынтымақтастыры Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына және халықаралық  
шарттарына сәйкес сыртқы саяси және экономикалық орындылықты негізге ала  
отырып, әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін теңгерімді шешу,  
Қазақстанның оның әлеуетіне барабар жаңа халықаралық деңгейге шығу, өнірлік  
көшбасшы ұстанымын нығайту мақсатында жүзеге асырылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу көпұлттық негізде сенім және әріптестік шараларын  
кеңейтумен және нығайтумен үйлесімдікте ұжымдық қауіпсіздік жүйесі  
қалыптастыруды болжайды.

Қазақстан Республикасы халықаралық әскери және әскери-техникалық  
ынтымақтастықты халықаралық тұрақтылық, ұлттық, діни және жаһандық қауіпсіздік  
мүддесінде тең құқықтық, өзара тиімділік және бейбіт көршілік қағидаттары негізінде

Қазақстан Республикасының қару-жарақ, әскери мақсаттағы өнімдерді, тауарлар мен қосарлы қолдану технологиясын экспорттауды бақылау саласындағы халықаралық міндеттедерді

сақтау.

Қазақстан Республикасы халықаралық әскери ынтымақтастықта мыналарды басым бағыттар

деп

санайды:

бірыңғай қорғаныс кеңістігін құру және ұжымдық әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерді біркітіру қажеттігін негізге ала отырып, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымына мүше мемлекеттермен әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты жандандыру;

өнірдегі жалпы әскери-саяси мұдделер негізінде Ресей Федерациясымен, Қытай Халық Республикасымен стратегиялық әріптестікті тереңдете;

Қарулы Күштерді техникалық жаңғырту, әскери технология трансферті, кадрларды даярлау және өнірдегі әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету мұддесінде әскери инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша Америка Құрама Штаттарымен ынтымақтастықты

нығайту;

Орталық Азия мемлекеттерімен және басқа да елдермен әскери және әскери-техникалық салаларда ынтымақтастықты кеңейту;

НАТО-ның басшылығымен терроризмге қарсы операцияларды және бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларды жоспарлауда, өткізде және жан-жақты қамтамасыз етуде бірлескен оқу-жаттығуларға қатысу және тәжірибе алмасу;

"Бейбітшілік жолындағы әріптестік" және верификатор-офицерлерді даярлау жөніндегі өнірлік орталықтарды

құру;

әскери құрылымдардың БҰҰ аясында бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларға қатысуы.

#### **4.2. Қазақстан Республикасының коалициялық әскери құрылышқа қатысуы**

Қазақстан ұлттық қауіпсіздіктің тиімді және қазіргі заманғы жүйесін құра отырып, өнірлік және жаһандық қауіпсіздік жүйелеріне ықпалдасады.

Қазақстан Республикасы бірлескен қауіпсіздікті және ұжымдық қорғанысты қамтамасыз ету мұддесінде жүзеге асырылатын коалициялық әскери құрылыш шенберінде Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымына қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастықты

нығайтатын болады.

Коалициялық әскери құрылыштың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

ҰҚШҰ шенберінде әскери салада ынтымақтастықты кеңейту;

әскери саладағы нормативтік құқықтық базаны келісу;

ҰҚШҰ-ға қатысушы мемлекеттерді әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді

орындауға

да ярлау;

Қазақстан Республикасы коалициялық әскери құрылышта басым бағыттар деп мұнайдарды санаиды:

ҰҚШҰ-ға қатысушы мемлекеттердің ұжымдық әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен жүзеге асыруды;

әскерлердің (куштердің) коалициялық (өнірлік) топтарын және оларды басқару органдарын құру және даярлау, оларды жауынгерлік әзірліктің қажетті деңгейінде ұстауды;

ҰҚШҰ-ға қатысушы мемлекеттердің қарулы күштерін бірлескен қауіпсіздік және ұжымдық қорғаныс мүддесінде қолдануды жоспарлау;

ұжымдық қауіпсіздік жүйесі күштері мен құралдарының өзара іс-қимыл жасау мәселелерін жетілдіруді, бірлескен іс-қимылдардың мазмұнын, нысандары мен тәсілдерін айқындауды;

келісілген бағдарламалар мен жоспарлар бойынша бірлескен қауіпсіздік пен ұжымдық қорғанысты қамтамасыз ету мүддесінде әскерлерді міндеттерін тағайындалуы бойынша орындауға даярлауды қамтамасыз етуді;

халықаралық терроризммен, діни экстремизммен, сепаратизммен, есірткі бизнесімен құресте бірлескен күш-жігерді жандандыруды және жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау процесіне қатысады;

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Үйымына қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім шенберінде өзара тиімді әскери-техникалық ынтымақтастықты; әскери ғылымды дамытуды, әскери кадрларды даярлауды.

#### 4.3. Бітімгершілік қызмет

Қазақстан Республикасы бітімгершілік қызметті ұжымдық және ұлттық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі өз саясатының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарайды, оны саяси құралдармен пісіп келе жатқан әскери-саяси дағдарыстар мен әскери жанжалдардың ертерек анықтау және уақтылы тоқтатудың негізгі құралдарының бірі деп санаиды.

Бітімгершілік қызметтің мақсаты қарулы жанжалды тоқтату және оны саяси реттеуге ықпал ететін жағдай жасау.

Бітімгершіліктің халықаралық істерде Қазақстанның әскери-саяси ұстанымының ілгерілеуі мен мүддесі үшін маңызды мәні бар, сондай-ақ халықаралық аренадағы елдің беделін елеулі дәрежеде көтереді.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасы берілген мандат негізінде БҰҰ аясында бітімгершілік операцияларға белсенді қатысатын болады.

Қазақстанның бітімгершілік қызметінің негізіне БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешіміне және жалпы танылған халықаралық құқық нормаларына сәйкес ұжымдық

қүштермен өнірлік және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттің  
қағидаттық баяны қаланған.

Бейбітшілікті қолдау және қалпына келтіру жөніндегі операцияларда тапсырмаларды орындау Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының халықаралық стандарттар бойынша арнайы дайындалған бөлімшелеріне жүктеледі.

Олардың бітімгершілік операцияларына қатысуы Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамасына және ратификацияланған халықаралық шарттарына сәйкес қабылданатын Қазақстан Республикасы Парламентінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Бөлінген контингентті жеке құраммен жасақтау ерікті негізде жүргізіледі.

Бөлінген әскери контингент бітімгершілік операциясы барысында мынадай міндеттерді орындауды мүмкін:

халықаралық қоғамдастық қабылдаған санкцияларды орындауды қамтамасыз ету мақсатында жанжал ауданын қоршау;

жанжалдасуши тараптардың қарулы топтарын ажырату және оларды қарузыздандыру;

атысты тоқтату, бейбітшілікті орнату режимін қамтамасыз ету және қайта жанданған әскери іс-қимылдарды болдырмау;

жергілікті жерді минадан тазарту, фортификациялық құрылыштар мен жаппай қырып-жоятын қаруды қолдану салдарын жою;

жауынгерлік техниканы, қаруды, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды тасымалдауды бақылау, заңсыз әкелудің және әкетудің жолын кесу;

жергілікті жерді және бөлу аймағындағы халықтың іс-қимылын бақылау, тәртіпсіздіктерге қарсы іс-қимыл жасау;

жергілікті билік органдарына (құқық қорғау органдарына) құқықтық тәртіпті сақтауға жәрдем ету, бұрын тұрған жеріне қайтып оралғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

ізгілік көмек көрсету жүктерін күзету және ілесіп жүру;

жанжалды реттеу жөніндегі келіссөздер үшін реєсми кездесулердің қауіпсіздігін және бітімгершілік миссиялары персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Бітімгершілік әлеуетін тиімді дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар негізінде қүшейтілген инженерлік-саперлік және медициналық құрамы бар өнірлік бітімгершілік орталығын құру қажет.

## Корытынды

Қазақстан Республикасының әскери доктринасы елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің қорғаныс бағытын айқындауды, кез келген

мемлекетаралық қайшылықтар мен жанжалдарды шешудің әскери емес шараларына Қазақстанның қағидаттық бейімділігін растайды.

Әскери доктринаның ережелері әлемдегі және өнірдегі әскери-саяси жағдайдаң өзгеруін, соғыс қаупінің сипаты мен мазмұнын, мемлекеттің әскери үйымының даму бағыттарын ескере отырып нақтыланатын және толықтырылатын, Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы жолдауларында, әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық құжаттарда, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дамытудың бағдарламалық құжаттарында нақтыланатын болады.

Қазақстан Республикасы өзінің халықаралық қауіпсіздікті және жалпыға ортақ бейбітшілікті қолдау, әскери жанжалдарды болдырмау мақсаттарына бейілділігін растайды және Әскери доктринаның барлық негізгі ережелерін дәйектілікпен орындайтын, БҰҰ Жарғысын, халықаралық құқық нормалары мен қағидаттарын қатаң және бұлжытпай сақтайтын болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК